ISSN 1609-1817

М. ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨЛІК
ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

КАЗАХСКОЙ АКАДЕМИИ ТРАНСПОРТА
И КОММУНИКАЦИЙ ИМ. М. ТЫНЫШПАЕВА



№2–2008

**УДК 625.1.002 (075)**

**Ашимова Айнур Акылбековна - э.ғ.к. (Алматы, КазККА)**

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ҮСТЕМЕ ШЫҒЫНДАРДЫ ҮЛЕСТІРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Өндірістік үстеме шығындар бұл өндіріс пен байланысатын, бірақ дайын өнімнің нақты түрлерімен байланыспайтын шығындардың әр түрлі жиынтығы. Өндірістік үстеме шығындар өнімге келесі себептер бойынша жатқызылады:

- өнім бірлігінің толық шығынын анықтау;
- қорлардың өзіндік құнын анықтау.

Өндірістік үстеме шығындарды үлестіру базасы

Үстеме шығындарды үлестіру базаны таңдау арқылы іске асырылады. Бұл база компания өндіретін барлық өнімдер үшін немесе компания көрсететін барлық қызметтер үшін жалпы болады. База түрінде бір фактор (критерий) таңдалады.

Бұл фактор өндірістік бөлімшесінің үстеме шығынына сәйкес келуі керек Көптеген жағдайда база ретінде келесі факторлар қабылданады:

- өндірістік жұмыстар орындайтын уақыт;
- жабдықтың орындаған уақыты;
- еңбек шығындары;
- өндірілген өнім бірліктері

*Өндірісті = Өндірістік үстеме шығындарды * үлестіру ставкасы*

*үстеме Базаның маңызы*

*шығындар*

Үстеме шығындардың бірегей (жалпы зауыттық) және бөлек

(цехтар бойынша) үлестіру ставкалары.

Өндірістік үстеме шығындардың бірегей үлестіру ставкасы тұтас кәсіпорын үшін қолданылады.

Мысалы Егер анықталған кезең ішінде үстеме шығындар 100000$ болса, және негізгі еңбектің өндірістік көлемі 50000 сағат болса, онда

үстеме шығындарды үлестіру ставкасы = 2$ еңбек / сағат. Осы үстеме шығындар осы ставка бойынша барлық өнімге үлестіріледі.

Есеп Өнімді өндіру үшін 18 сағат негізгі еңбек қажет. Онда өнімге 18 сағат * 2$ еңбек / сағат =36$ үстеме шығын жатқызылады. Егер өндіріс бірнеше бөлімшеден тұрса, онда өндірістік үстеме шығынның бөлек үлестіру ставкасын қолданатын дұрыс болады. 1-ші кестеде оыс есептен шығарылуы келтірілген.

1-кесте - Үстеме шығындарды өндірістік бөлімдерге үлестіру ставкалары

| Көрсеткіштер | А бөлімі | Б бөлімі | В бөлімі | Барлығы |
|---|---|---|---|---|
| Үстеме шығындар ($) | 10000 | 60000 | 30000 | 100000 |
| Еңбек сағаттар | 25000 | 15000 | 10000 | 50000 |
| Еңбек сағаттарға өндірістік үстеме шығындар ставкасы | 0,4 | 4 | 3 | 2 |

Егер өнімділігі өңдеу үшін А бөлімінде 10 сағат негізінде еңбек жұмсалса, Б бөлімінде 5 сағат, В бөлімінде 3 сағат. Онда өнімге келесі көлемде үстеме шығындар жатқызылады:

10 сағат * 0,4 $ еңбек/сағат =4 $
5 сағат * 4 $ еңбек/сағат =20 $
3 сағат * 3,8 $ еңбек/сағат =9 $
Барлығы =33 $.

Егер өнімді өндіру үшін А бөлімшеде 10 сағат негізгі еңбек жұмсалса, Б бөлімшесінде В бөлімінде 3 сағат онда өнімге келесі көлемді үстеме шығыстар жатқызылады.

Үстеме шығындардың жоспарлаған үлестіру ставкаларын қолдану. Өндірістік үстеме шығындардың жоспарланған үлестіру ставкалары келесі қадам бойынша жүргізіледі:

- үстеме шығындардың үлестіру базасын таңдау;
- үстеме шығындардың алғашқы кезеңдегі жобалаған көлемі базаның жобалаған көлеміне бөлу;
- осы ставканы қабылданып үстеме шығындарды өнімнің әр түріне.

Тәжірибе бойынша жобалаған мәлімдер шынайы мәліммен сәйкес келмейді. Бұл жағдайда өнімнің өзіндік құнына есептелген үстеме шығындар үстеме шығынның шынайы суммасынан өзгеше болады.

Ол немесе артық үлестірілген үстеме шығындар немесе толық емес үлестірілген үстеме шығындар болады.

Толық емес үлестеме шығындарды немесе артық үлестеме шығындарды екі тәсілмен есептеп шығаруға болады:

- корректировка суммасын өндірістік өнімнің өзіндік құны деген шотқа жіберіледі.
- корректировка суммасын келесі үш шоттың аяқталмаған өндіріс,дайын өнім және өндірістік өнімнің өзіндік құны сальдосына үлестіріледі.

Есептелген үстеме кезеңнің алдындағы әкімшіліктің күтуімен шығындар есептелген үстеме шығындардың суммасы.

Ол үстеме шығындардың алдын-ала бекіткен (жоспарланған) ставкасын есептеу үшін қолданылады

| | |
|---|---|
| Шынайы үстем шығындар | кезең ішінде пайда болған үстеме шығындардың шынайы суммасы (коммуналдық төлемдер,аренда т.б.) |
| Үлестірілетін үстеме шығындар | аяқталмаған өндіріске қосылатын үлестірілетін үстеме шығындардың суммасы. |

Бұл сумма келесі түрде анықталады.

Кезең ішіндегі зметтің көлемін үстеме шығынның бекітілген үлестіру ставкаларына көбейту.

Бұл айырмашылық үстеме шығындар бойынша өзгерістер болып табылады.

<u>Есеп:</u> Компания үстеме шығынның жоспарланған үлестіру ставкасын қолданылады. Ол 3$ машина/сағатқа тең (300000 $ /100000машина/сағат)

Ал шынайы машина/сағаттар 110000$,жыл ішіндегі шынайы үстеме шығындар 320000$.Ал үлестірілген үстеме шығындар 330000$ (шынайы машина/сағат* жоспарланған ставка) (2-ші кесте).

<u>Мысалы:</u>





2-кесте Қызмет көрсетуші және өндірістік цехтер арасында үстеме шығындарды үлестіру үшін берілген мәліметтер

| Қызмет көрсетуші | Өндірістік |
|---|---|
| қосалқы цех<br>материалдық техникалық қамтамасыз ету | машина алу цехы<br>жинақтаушы цех |

| Көрсеткіштер | Қызм. көрсет. бөлім | | Өндірістік бөлім | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосалқы цех | мат-тех қызм ету | машиналық цех | жинақ цех | |
| 1.Үйлестірілгенге дейін жоспарлық үстеме шығындар | 600000 | 116000 | 400000 | 200000 | 1316000 |
| 2.Қызметтерді көрсету: | | 1600 | 2400 | 4000 | 8000 |
| қосалқы цех жоспарланған еңбек сағаттар проценттік қатынас түрінде | | 20 % | 30 % | 50 % | 100 % |
| материал-тех қамт. ету: жоспарлы еңбек сағаттар | 200 | | 1600 | 200 | 2000 |
| сынақ проц.қатынас түрінде | 10 % | | 80 % | 10 % | 100 % |

Шешімі 3-кестеде көрсетілген.

Үстеме шығынның тура үлестіру әдісі. Компанияда өндірістік бөлімшелермен қатар қызмет көрсетуші бөлімшелерде орын алады.Осы бөлмелердің шығындарын негізгі өндіріске үйлестірудің көп тараған әдісі - тура әдіс болып табылады. Осы әдіске сәйкес қызмет көрсетуші бөлімшелерінің шығынын өндірістік бөлімшеге тура жіберілді.

3-ші кесте - Қызмет көрсетуші бөлімшенің шығынының тура әдіспен үлестіру

| Көрсеткіштер | Қызм. көрсет. бөлім | | Өндірістік бөлім | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосалқы цех | мат-тех қызм ету | машиналық цех | жинақ цех | |
| қосалқы цех шығынын үлестіру | 600000 | | 225000 | 375000 | |
| материал-тех қамтамасыз ету | | 116000 | 103124 | 12876 | |
| Барлығы | | 116000 | | | 1316000 |

<u>Шешімі:</u> Машиналық цехке қосалқы цехтың шығынын үлестіру үшін біз үлестіру процентін табу керек

Жалпы негізгі өндіріске үлестіргенде жұмысын еңбек сағаттар ((2400+4000)=100%)

2400-37,5 %

4000-62,5 %

Сонда: 600000*37,5 % = 225000

600000*62,5 % = 375000

**Қорытынды**

Қазіргі жағдайда біздің еліміздің есебі халықаралық стандарттарға көшуіне байланысты кәсіпорынның басқару мәселелері де карастырылып, қайта қалыптасуда. Соның ішінде маңызды мәселенің бірі үстеме шығындарды дұрыс үлемтіру болып табылады. Осыған орай мақалада устеме шығындардың үлестіру тәіртібі, олардың негізгі анықтамалары және үлестіру негіздерәі қарастырылған. Үстеме шығындардың үлестіру әдістері ашылып, нақты мысалдармен және есептермен бекітілігген.

## ӘДЕБИЕТ


1. Басқару есепкерліктің халықаралық стандарттары. М.: Аскери, 1999, 96 б.
2. Друри К. Управленческий и производственный учет: М., ЮНИТИ-ДАНА, 2003, 1007 с.
3. Управленческий учет / Под ред. Шеремета. М.: ФБК-Пресс, 2000, 512 с.


**УДК 620.92.338.486.1.02(574.5)**